

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

Л.И Яворская



**«Лилия» бақшасында өткізілген  
«Семья - обитель счастья»  
семинары**

**Шымкент 2023**

## Семинар

## БАҒДАРЛАМА

Тақырыбы:

**«СЕМЬЯ – ОБИТЕЛЬ СЧАСТЬЯ»**

Күні: 01.02.2024ж.

Уақыты 13.00

Өтетін орны: «Илия» бөбекжай-бақшасы

Қатысушылар: Бақша қызметкерлері,

ата-аналар және №1 «Арайлым»

бөбекжай балабақшасының тәрбиешілері



Қатысушыларды тіркеу.

1. Менгерушінің алғы сөзі
2. Тәрбиеші О.В. Рыбникованың «Семья – обитель счастья» баяндамасы
3. №1 «Арайлым» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі А.Нурахованың «Тәрбие – тал бесіктен» баяндамасы
4. Әдіскердің тәрбие жайында психологиялық кеңестері мен ситуациялық сұрақтары
5. Менгерушінің қорытындылауы

Қатысушыларды шығарып салу

## **«Семья – обитель счастья» тақырыбында өткен семинардың хаттамасы**

Қатысқаны: 15 адам (бақша қызметкерлері, ата-аналар және №1 «Арайлым» бақшасының тәрбиешілері)

Өту орны: «Лилия» бөбекжай-бақшасы

Өту күні: 01.02.2024ж

Тақырыбы: **«Семья – обитель счастья»**

Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта отырып, бақытты жанұяның моделі туралы, Отбасы- Отанның бір бөлшегі екенін түсіндіріп, оларды отбасын қадірлеуге және бір бірін сыйлауға, құрметтеуге шақыру.

### **Күн тәртібі:**

1. Менгерушінің алғы сөзі
2. Тәрбиеші О.В.Рыбникованың «Семья – обитель счастья»

баяндамасы

3. №1 «Арайлым» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі А.Нурахованың «Тәрбие – тал бесіктен» баяндамасы

4. Әдіскердің тәрбие жайында психологиялық кеңестері мен ситуациялық сұрақтары

5. Менгерушінің қорытындылауы

### **Тыңдалды.**

1. Күн тәртібі бойынша бірінші сөз кезегін менгеруші Л.И.Яворская алып, семинарға келген ата-аналармен, қонақтармен амандасып, семинар мақсатын айтып өтіп, отбасыдағы бала тәрбиесі жайында сөз қозғап, ата-аналарға сәттілік тіледі.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші О.В.Рыбникова амандасып, өз баяндамасын оқыды. Баяндама басында отбасы туралы керемет өлең оқып, отбасының бала өміріндегі рөлі, отбасыда бала не үйренеді, толық отбасыда тәрбиеленіп, ата-анасынан толық махаббат ала алған бала қандай болып өсетінін, өмірдегі қиыншылыққа оңай төзе алатынын және кез келген қарым-қатынасқа тез түсе алатынын айтты. Сонымен қатар, әр отбасының өзіндік дәстүрлері барын, сол дәстүрлер арқылы бала тәрбиесіне ықпалы жайында, отбасылық құндылық, бірін-бірі сыйлай отырып, отбасының берекесін келтіру, отбасын қадірлеу жайында жазылған баяндамасын толық оқып шықты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші болып №1 «Арайлым» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі А.Нурахова «Тәрбие» - тал бесіктен» тақырыбында баяндамасын оқыды. Баяндамасында дана халқымыз «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бір ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын сыйғыза білгенін, асқар таудай әкесін пана тұтқан бала қорқақ болмай, ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарайды деп баяндамасын бастап, қазақта ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесіне жеке жеке тоқталып өтті. Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) бір хадисінде: «Әкенің балаға қалдырған ең үлкен мұрасы –

дұрыс тәрбие» екенін оқып, бірақ, өкінішке орай, көпшілік ата-ана баланың қарын тоқтығы мен көйлек көктігін ғана есепке алатынын, балаға беруге тиісті болған рухани құндылықтарға көңіл бөлмейтінін, бала сол рухани құндылықтарға мұқтаж екенін айтып, Абай атамыздың жиырма бесінші қара сөзін оқып өтті. «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көреме, ия жұртқа рахат көрсетеме?», деп баяндамасын жалғастырып, тәрбие мәселесіне қатысты Әл-Фараби бабамыздың: «Адамға тәрбиеден бұрын білім берілер болса, әлемдік апатқа әкеліп соғады» — деу арқылы тәрбиенің адам өміріндегі маңыздылығын айтып, баяндамасын аяқтады.

4. Кейінгі кезекте әдіскер У.О.Ахметова сөз алып, ата-аналар мен қатысушы қонақтарға арнайы бала тәрбиесіне қатысты психологиялық кеңестерді дайындап, оқып берді. Яғни, онда баланы қателескені үшін кекетіп, бетінен алмауды, басқа балалармен оны салыстырмауды, баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беру керектігін, күнде балдарымен жеке сөйлесуге уақыт бөлу керектігін, баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отыру керектігін, балаға баға бермей, оның іс-әрекетін бағалау керектігін, баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айта отырып, үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай бағалайтынын айтып, әрқашан ата-аналарға баланың орнына өзін қойып көру керек екенін айтып айтып өтті. Сонымен қатар, ата – аналарға әртүрлі ситуациялық сұрақтар қойып, олардың бала тәрбиесі туралы өз ойын айтуға мүмкіндік берді.

5. Семинар соңында меңгеруші Л.И.Яворская сөз алып, баланың тәрбиелі болып өсуі үшін ата-ананың рөлі аса зор екенін және бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Ата- аналар да меңгерушіге, Лилия бақшасының ұжымына осындай семинарды ұйымдастырып отырғанына алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Меңгеруші:

Л.И.Яворская

Хатшы:

У.О.Ахметова











## «Семья – обитель счастья» тақырыбында өткен семинардың хаттамасы

Қатысқаны: 15 адам (бақша қызметкерлері, ата-аналар және №1 «Арайлым» бақшасының тәрбиешілері)

Өту орны: «Лилия» бөбекжай-бақшасы

Өту күні: 01.02.2024ж

Тақырыбы: «Семья – обитель счастья»

Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта отырып, бақытты жанұяның моделі туралы, Отбасы- Отанның бір бөлшегі екенін түсіндіріп, оларды отбасын қадірлеуге және бір бірін сыйлауға, құрметтеуге шақыру.

### Күн тәртібі:

1. Меңгерушінің алғы сөзі

2. Тәрбиеші О.В.Рыбникованың «Семья – обитель счастья»

баяндамасы

3. №1 «Арайлым» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

А.Нурахованың «Тәрбие – тал бесіктен» баяндамасы

4. Әдіскердің тәрбие жайында психологиялық кеңестері мен ситуациялық сұрақтары

5. Меңгерушінің қорытындылауы

### Тыңдалды.

1. Күн тәртібі бойынша бірінші сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алып, семинарға келген ата-аналармен, қонақтармен амандасып, семинар мақсатын айтып өтіп, отбасыдағы бала тәрбиесі жайында сөз қозғап, ата-аналарға сәттілік тіледі.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші О.В.Рыбникова амандасып, өз баяндамасын оқыды. Баяндама басында отбасы туралы керемет өлең оқып, отбасының бала өміріндегі рөлі, отбасыда бала не үйренеді, толық отбасыда тәрбиеленіп, ата-анасынан толық махаббат ала алған бала қандай болып өсетінін, өмірдегі қиыншылыққа оңай төзе алатынын және кез келген қарым-қатынасқа тез түсе алатынын айтты. Сонымен қатар, әр отбасының өзіндік дәстүрлері барын, сол дәстүрлер арқылы бала тәрбиесіне ықпалы жайында, отбасылық құндылық, бірін-бірі сыйлай отырып, отбасының берекесін келтіру, отбасын қадірлеу жайында жазылған баяндамасын толық оқып шықты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші болып №1 «Арайлым» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі А.Нурахова «Тәрбие» - тал бесіктен» тақырыбында баяндамасын оқыды. Баяндамасында дана халқымыз «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бір ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын сыйғыза білгенін, асқар таудай әкесін пана тұтқан бала қорқақ болмай, ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарайды деп баяндамасын бастап, қазақта ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесіне жеке жеке тоқталып өтті. Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) бір хадисінде: «Әкенің балаға қалдырған ең үлкен мұрасы –

дұрыс тәрбие» екенін оқып, бірақ, өкінішке орай, көпшілік ата-ана баланың қарын тоқтығы мен көйлек көктігін ғана есепке алатынын, балаға беруге тиісті болған рухани құндылықтарға көңіл бөлмейтінін, бала сол рухани құндылықтарға мұқтаж екенін айтып, Абай атамyzдың жиырма бесінші кара сөзін оқып өтті. «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көреме, ия жұртқа рахат көрсетеме?», деп баяндамасын жалғастырып, тәрбие мәселесіне қатысты Әл-Фараби бабамыздың: «Адамға тәрбиеден бұрын білім берілер болса, әлемдік апатқа әкеліп соғады» — деу арқылы тәрбиенің адам өміріндегі маңыздылығын айтып, баяндамасын аяқтады.

4. Кейінгі кезекте әдіскер У.О.Ахметова сөз алып, ата-аналар мен қатысушы қонақтарға арнайы бала тәрбиесіне қатысты психологиялық кеңестерді дайындап, оқып берді. Яғни, онда баланы қателескені үшін кекетіп, бетінен алмауды, басқа балалармен оны салыстырмауды, баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беру керектігін, күнде балдарымен жеке сөйлесуге уақыт бөлу керектігін, баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отыру керектігін, балаға баға бермей, оның іс-әрекетін бағалау керектігін, баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айта отырып, үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай бағалайтынын айтып, әрқашан ата-аналарға баланың орнына өзін қойып көру керек екенін айтып айтып өтті. Сонымен қатар, ата — аналарға әртүрлі ситуациялық сұрақтар қойып, олардың бала тәрбиесі туралы өз ойын айтуға мүмкіндік берді.

5. Семинар соңында меңгеруші Л.И.Яворская сөз алып, баланың тәрбиелі болып өсуі үшін ата-ананың рөлі аса зор екенін және бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Ата-аналар да меңгерушіге, Лилия бакшасының ұжымына осындай семинарды ұйымдастырып отырғанына алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Меңгеруші:

Хатшы:

Л.И.Яворская

У.О.Ахметова





Утвердить

Заведующая Ясли-сад «Лилия»



*Л.И. Яворская*  
Л.И. Яворская

Название выступление:

**«СЕМЬЯ – ОБИТЕЛЬ  
СЧАСТЬЯ»**

Подготовила: О.В.Рыбникова

Шымкент- 2024



## «СЕМЬЯ – ОБИТЕЛЬ СЧАСТЬЯ»

Семья – это громкое слово!  
Семья – это звонкое слово!  
Семья – это слово важное,  
Об этом вам скажет каждый.  
Семья – это солнце светит,  
Семья – это звезды на небе,  
Семья – это все любовь.

Любовь сыновей и отцов,

Любовь дочерей и мам,

Любовь свою дарим вам! Вот таким прекрасным стихотворением я хочу начать свое выступление.

Семья – это маленький мир, в котором царят свои законы и свои правила, где каждый находит приют и опору в трудные моменты. Именно в семье начинается наша жизнь, здесь мы учимся любить, уважать, поддерживать друг друга. Семья – это источник силы и вдохновения, обитель счастья и уюта.

В каждой семье есть свои традиции и обычаи, которые передаются из поколения в поколение. Например, семейные посиделки за общим столом, когда все делятся впечатлениями о прошедшем дне и обмениваются новостями. Или общие праздники, когда все собираются вместе, чтобы отметить важные события в жизни каждого члена семьи.

Семья – это место, где нас понимают и принимают такими, какие мы есть. Здесь мы можем быть собой, не боясь осуждения. Родители, братья и сестры – это те, кто всегда готов прийти на помощь, поддержать в трудную минуту, ободрить словом или делом.

Нельзя недооценивать значение семьи в жизни человека. Именно здесь закладываются основы характера и мировоззрения, формируются навыки общения и взаимодействия с окружающими. В семье мы учимся любить и быть любимыми, заботиться о других и принимать заботу.

Семейные ценности – это то, что делает нас сильнее, что помогает преодолевать любые жизненные трудности. Домашний очаг, где всегда горит огонёк любви и взаимопонимания, становится главным источником радости и умиротворения.

Каждому из нас важно беречь и ценить свою семью, поддерживать тёплые отношения с родными и близкими, находить время для общения и совместного отдыха. Ведь именно в семье человек находит то бесценное ощущение счастья и благополучия, которое невозможно заменить ничем другим.

Таким образом, семья действительно является обителью счастья, где каждый может найти свою гавань в этом бурном океане жизни, и где всегда будет тепло и уютно, вне зависимости от внешних обстоятельств.

Одним из самых важных аспектов семьи является ее способность обеспечивать чувство принадлежности и социальной связанности. Чувство



принадлежности, заботы и внимания, которые семья предоставляет, имеют огромное значение для нашего психологического и эмоционального благополучия. Когда мы знаем, что есть люди, которые всегда будут на нашей стороне, готовые поддержать нас и пройти через все трудности жизни вместе, мы чувствуем себя более уверенно и защищенно.

Семья также является местом, где мы учимся многим навыкам, необходимым для успешной жизни. Мы учимся сотрудничать, решать конфликты, общаться и решать проблемы. В семье мы получаем первые уроки по воспитанию и обучению, что помогает нам стать лучшими версиями самих себя. Кроме того, в семье мы узнаем о культуре, традициях и ценностях, которые передаются из поколения в поколение, что создает связующее звено между нами и нашими предками.

Семья - это также основа для построения здоровых отношений в обществе. Люди, выросшие в заботливой и любящей семье, обычно имеют больше эмпатии, уважения к другим людям и лучше умеют строить конструктивные отношения. Человек, достаточно счастливый и удовлетворенный дома, чаще всего может легче адаптироваться и функционировать в обществе.

Счастье, которое приносит семья, проявляется не только в эмоциональной и психологической сфере, но также оказывает влияние на наше физическое здоровье. Многочисленные исследования показывают, что люди, имеющие поддерживающие и заботливые семьи, часто имеют лучшее физическое самочувствие и даже дольше живут. Это связано с тем, что чувство связанности и поддержки снижает уровень стресса и способствует общему благополучию организма.

Конечно, семейные отношения бывают разными, и не всегда они приносят только счастье. Но даже в сложных семейных ситуациях, сама идея семьи как ценности и опоры часто остается важной. Общая борьба с трудностями, умение прощать, стремление к примирению и уважению мнения друг друга - все это формирует наш характер и личностные качества.

Таким образом, семья - это неразрывное звено в нашей жизни, которое несет с собой множество благоприятных последствий. Счастье, которое приносит семья, ощущается не только в тепле и заботе близких людей, но и в самоощущении, уверенности и гармонии. Она является фундаментом для формирования наших ценностей, отношений и общественного взаимодействия.

Подготовила



О.В.Рыбникова

Тұран ауданы, №1 «Арайлым» бөбекжай балабақшасы

Баяндама тақырыбы:

# **«ТӘРБИЕ - ТАЛ БЕСІКТЕН»**

Дайындаған: А.Нурахова

Шымкент 2024ж.

## «ТӘРБИЕ- ТАЛ БЕСІКТЕН»

### тақырыбында баяндама

Адам баласы шыр етіп дүниеге келісімен тал бесіктен, жер бесікке дейін тәлім-тәрбиені бойына сіңіріп өседі. Ең алдымен ана сүтімен дарыған тәрбие үлкендерге байланысты. Себебі, адамның бәрі жас шыбық секілді. Жас шыбықты қалай баптасаң, ол солай өркен жайып өсе береді.

Дана халқымыз «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бір ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын сыйғыза білген. Асқар таудай әкесін пана-тұтқан бала қорқақ болмайды. Ал ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарайды. Бір дана «Біз мәпелеп, қиындықтан қорғап, ыстық-суығына өзіміз түсіп жүріп, баламызға қастық жасап жатырмыз. Кейін есейгенде өмірге бейімі жоқ, шындалмаған бала қиындыққа тап болса, морт сынады» деген екен. Соны білген аталарымыз жастайынан ерлікке тәрбиелеген. Қызын қырық үйден тыйып, еркелетіп, бар мейірім-махаббатын төгіп өсірсе, ұлын еңбекке шынықтырып, қайратты, батыл етіп тәрбиелеген. Қазақ қашан да бала тәрбиесін алғашқы орынға қойған халық. Себебі баласы арқылы бүкіл ұрпағын тәрбиелеп жатқанын ұққан. «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», – дейді. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөліну керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізін жалғап жүрері сөзсіз.

Ата-ананың ең басты қызметтерінің бірі – өнегелі тәрбие беру. Баланың дүние есігін шыр етіп ашқаннан бастап тәрбие басталады. Содан да болар, тәрбие тал бесіктен басталады деп бекер айтылмаса керек. Қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеумен бірдей екендігін ұғынып, қызды қырық үйден тыйыммен тыя білген. Осыдан келіп, қазақтың қызы ибалы, ізетті, иманды болған. Адамның баласының тәрбиесі өзінен емес. Ең алғаш адам көзін ашқанда-ақ оның әке-шешесі оған жүруді, сөйлеуді үйретіп, дұрыс азамат болып қалыптасуына ат салысады. Ал сол тәрбиенің тамырын бойымызға сіңіру қашанда өзімізге байланысты. Жалпы алғанда, бала



тәрбиесіне көптеген дүниелер әсерін тигізеді: отбасы, қоршаған орта, білім ордалары, қоғам және жалпы ондағы мәдениет. Яғни, отбасында берілетін тәрбие балаға жеткіліксіз. Сондықтан, ата-анадан бөлек мектебі, достары, ағайын-туыстары, тіпті қоғам жауапты болып табылады. Кейде жөнсіз іс-әрекеттерді көрсек, «заман өзгерді» деп ой түйеміз. Өз мойнымызға жауапкершілікті алудан қашқақтаймыз. Бұдан келіп шығатын қорытынды: баланың тәрбиесі – адамзаттың ортақ ісі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің!» деген қазақ халқының сөздерінде үлкен астарлы мағыналар біраз ой түйдіреді. Тәрбиесіздікпен алынған білім, адамның қас жауы. Бірақ, ешбір орта жанұяңнан, ана мен әкеден алған тәрбиені алмастыра алмасы сөзсіз. Егер ата-бабаның ізімен, ананың жылулығымен берілген қасиеттері мол, ізетті ата-ананың тәрбиесін көрген жас буындар көп болатын болса, онда болашағымыздың жарқын болары деген сөз. Болашағымыз айқын болсын десек, тәрбиемізді тал бесіктен түзейік.

Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) бір хадисінде: «Әкенің балаға қалдырған ең үлкен мұрасы – дұрыс тәрбие» — деген. Өкінішке орай, көпшілік ата-ана баланың қарын тоқтығы мен көйлек көктігін ғана есепке алады, бірақ балаға беруге тиісті болған рухани құндылықтарға көңіл бөле бермейді. Алайда, бала сол рухани құндылықтарға мұқтаж. Абай атамыз жиырма бесінші қара сөзінде: «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көреме, ия жұртқа рахат көрсетеме?» — дейді. Тәрбие мәселесіне қатысты әл-Фараби бабамыз: «Адамға тәрбиеден бұрын білім берілер болса, әлемдік апатқа әкеліп соғады» — деу арқылы тәрбиенің адам өміріндегі маңыздылығын атап өткен. Дана халқымыз: «Балаға тәрбие бергенде сөзбен емес, іспен үлгі бол, айтпа, көрсет, үндеме, үйрет» — деген, бала үшін мың сөзден, бір жақсы іс әлдеқайда өтімді болмақ. Баланың тыныш, мамыражай жағдайда өскені жөн, оған қатты дауыс көтеріп, қорқытуға, ұруға, ұрсуға болмайды. Сондай-ақ, шу, төбелес сияқты жағымсыз іс-әрекеттер көрсетілмеуі тиіс. Мұндай әрекеттер баланың ой-

санасына теріс әсер етеді. Бала ата-анасының әрбір сөзі мен қимылын қадағалап отырады. Тіпті жүріс-тұрыс үлгісін де айна қатесіз қайталайды.

Бала үшін ата-анаың әрекетінде елеусіз ұсақ-түйек деген нәрсе жоқ, сондықтан баланы жаман іс-әрекеттен тыймас бұрын, ата-ана өзі сол жаман әрекеттерден тиылуы керек. Кейбір ата-аналар балаға: «темекі шекпе, арак ішпе, өтірік айтпа» — деп ақыл-кеңес айтқанмен, өздері мұндай жағымсыз әрекеттерді еш жасқанбай жасай береді. Бұндай тәрбиенің жемісті болмасы айтпасада түсінікті. Балаға мейірімді, жұмсақ болу әрине жақсы қасиет, алайда, баланың жаман іс-әрекеттеріне көз жұма қарау да үлкен қателік болады. Баланың жасаған ерсі қылықтарын көрген кезде ата-анасы ол әрекетінің дұрыс еместігін айтып ескерту жасау керек. Егер бала оған да тоқтамаса, қаталдық танытуға да болады. Өйткені, шектен тыс жұмсақтық жасау, еркіне жіберу — баланы әлжуаз, кердең, кербез болуға алып барады. Әрбір ата-ана ес жиып, есейген балаға ерте бастан еңбек етуді үйретіп, баламен ақылдасып, кеңесіп, кей орынды айтқан ой-пікірлерімен санасып, дұрыс бағыт-бағдар беріп отырса, бала алдынан шыққан қиындықтармен кездескенде оң шешім қабылдай алатын, сол қиындықтан шығар жол таба алатын болып ержетеді.

Кімде кім баласын тәрбиелеуге, оған пайдалы нәрселер үйретуге салғырт қараса, орны толмас қателік жасаған болады. Жас шыбық иілгіш болса, жас бала да дәл сондай, жақсыға да, жаманға да бейім болатыны мәлім. Ұрпағының ертеңін, ұлттың болашағын ойлаған әрбір ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, өсіріп отырған ұл-қыздарының тәрбиесімен жүйелі түрде айналысуы қажет.

Дайындаған:

А.Нурахова

Тұран ауданы, №1 «Арайлым» бөбекжай балабақшасы

Баяндама тақырыбы:

# **«ТӘРБИЕ - ТАЛ БЕСІКТЕН»**

Дайындаған: А.Нурахова

Шымкент 2024ж.



## «ТӘРБИЕ- ТАЛ БЕСІКТЕН»

### тақырыбында баяндама

Адам баласы шыр етіп дүниеге келісімен тал бесіктен, жер бесікке дейін тәлім-тәрбиені бойына сіңіріп өседі. Ең алдымен ана сүтімен дарыған тәрбие үлкендерге байланысты. Себебі, адамның бәрі жас шыбық секілді. Жас шыбықты қалай баптасаң, ол солай өркен жайып өсе береді.

Дана халқымыз «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бір ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын сыйғыза білген. Асқар таудай әкесін пана-тұтқан бала қорқақ болмайды. Ал ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарайды. Бір дана «Біз мәпелеп, қиындықтан қорғап, ыстық-суығына өзіміз түсіп жүріп, баламызға қастық жасап жатырмыз. Кейін есейгенде өмірге бейімі жоқ, шындалмаған бала қиындыққа тап болса, морт сынады» деген екен. Соны білген аталарымыз жастайынан ерлікке тәрбиелеген. Қызын қырық үйден тыйып, еркелетіп, бар мейірім-махаббатын төгіп өсірсе, ұлын еңбекке шынықтырып, қайратты, батыл етіп тәрбиелеген. Қазақ қашан да бала тәрбиесін алғашқы орынға қойған халық. Себебі баласы арқылы бүкіл ұрпағын тәрбиелеп жатқанын ұққан. «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», – дейді. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөліну керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізін жалғап жүрері сөзсіз.

Ата-ананың ең басты қызметтерінің бірі – өнегелі тәрбие беру. Баланың дүние есігін шыр етіп ашқаннан бастап тәрбие басталады. Содан да болар, тәрбие тал бесіктен басталады деп бекер айтылмаса керек. Қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеумен бірдей екендігін ұғынып, қызды қырық үйден тыйыммен тыя білген. Осыдан келіп, қазақтың қызы ибалы, ізетті, иманды болған. Адамның баласының тәрбиесі өзінен емес. Ең алғаш адам көзін ашқанда-ақ оның әке-шешесі оған жүруді, сөйлеуді үйретіп, дұрыс азамат болып қалыптасуына ат салысады. Ал сол тәрбиенің тамырын бойымызға сіңіру қашанда өзімізге байланысты. Жалпы алғанда, бала

тәрбиесіне көптеген дүниелер әсерін тигізеді: отбасы, қоршаған орта, білім ордалары, қоғам және жалпы ондағы мәдениет. Яғни, отбасында берілетін тәрбие балаға жеткіліксіз. Сондықтан, ата-анадан бөлек мектебі, достары, ағайын-туыстары, тіпті қоғам жауапты болып табылады. Кейде жөнсіз іс-әрекеттерді көрсек, «заман өзгерді» деп ой түйеміз. Өз мойнымызға жауапкершілікті алудан қашқақтаймыз. Бұдан келіп шығатын қорытынды: баланың тәрбиесі – адамзаттың ортақ ісі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің!» деген қазақ халқының сөздерінде үлкен астарлы мағыналар біраз ой түйдіреді. Тәрбиесіздікпен алынған білім, адамның қас жауы. Бірақ, ешбір орта жанұяңнан, ана мен әкеден алған тәрбиені алмастыра алмасы сөзсіз. Егер ата-бабаның ізімен, ананың жылулығымен берілген қасиеттері мол, ізетті ата-ананың тәрбиесін көрген жас буындар көп болатын болса, онда болашағымыздың жарқын болары деген сөз. Болашағымыз айқын болсын десек, тәрбиемізді тал бесіктен түзейік.

Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) бір хадисінде: «Әкенің балаға қалдырған ең үлкен мұрасы – дұрыс тәрбие» — деген. Өкінішке орай, көпшілік ата-ана баланың қарын тоқтығы мен көйлек көктігін ғана есепке алады, бірақ балаға беруге тиісті болған рухани құндылықтарға көңіл бөле бермейді. Алайда, бала сол рухани құндылықтарға мұқтаж. Абай атамыз жиырма бесінші қара сөзінде: «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көреме, ия жұртқа рахат көрсетеме?» — дейді. Тәрбие мәселесіне қатысты әл-Фараби бабамыз: «Адамға тәрбиеден бұрын білім берілер болса, әлемдік апатқа әкеліп соғады» — деу арқылы тәрбиенің адам өміріндегі маңыздылығын атап өткен. Дана халқымыз: «Балаға тәрбие бергенде сөзбен емес, іспен үлгі бол, айтпа, көрсет, үндеме, үйрет» — деген, бала үшін мың сөзден, бір жақсы іс әлдеқайда өтімді болмақ. Баланың тыныш, мамыражай жағдайда өскені жөн, оған қатты дауыс көтеріп, қорқытуға, ұруға, ұрсуға болмайды. Сондай-ақ, шу, төбелес сияқты жағымсыз іс-әрекеттер көрсетілмеуі тиіс. Мұндай әрекеттер баланың ой-

санасына теріс әсер етеді. Бала ата-анасының әрбір сөзі мен қимылын қадағалап отырады. Тіпті жүріс-тұрыс үлгісін де айна қатесіз қайталайды.

Бала үшін ата-анаың әрекетінде елеусіз ұсақ-түйек деген нәрсе жоқ, сондықтан баланы жаман іс-әрекеттен тыймас бұрын, ата-ана өзі сол жаман әрекеттерден тиылуы керек. Кейбір ата-аналар балаға: «темекі шекпе, арак ішпе, өтірік айтпа» — деп ақыл-кеңес айтқанмен, өздері мұндай жағымсыз әрекеттерді еш жасқанбай жасай береді. Бұндай тәрбиенің жемісті болмасы айтпасада түсінікті. Балаға мейірімді, жұмсақ болу әрине жақсы қасиет, алайда, баланың жаман іс-әрекеттеріне көз жұма қарау да үлкен қателік болады. Баланың жасаған ерсі қылықтарын көрген кезде ата-анасы ол әрекетінің дұрыс еместігін айтып ескерту жасау керек. Егер бала оған да тоқтамаса, қаталдық танытуға да болады. Өйткені, шектен тыс жұмсақтық жасау, еркіне жіберу — баланы әлжуаз, кердең, кербез болуға алып барады. Әрбір ата-ана ес жиып, есейген балаға ерте бастан еңбек етуді үйретіп, баламен ақылдасып, кеңесіп, кей орынды айтқан ой-пікірлерімен санасып, дұрыс бағыт-бағдар беріп отырса, бала алдынан шыққан қиындықтармен кездескенде оң шешім қабылдай алатын, сол қиындықтан шығар жол таба алатын болып ержетеді.

Кімде кім баласын тәрбиелеуге, оған пайдалы нәрселер үйретуге салғырт қараса, орны толмас қателік жасаған болады. Жас шыбық иілгіш болса, жас бала да дәл сондай, жақсыға да, жаманға да бейім болатыны мәлім. Ұрпағының ертеңін, ұлттың болашағын ойлаған әрбір ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, өсіріп отырған ұл-қыздарының тәрбиесімен жүйелі түрде айналысуы қажет.

Дайындаған:

А.Нурахова